


**«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасы  
Мүшелерінің Жалпы жиналысының  
2019 жылғы 2 тамыздағы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»**

**ҚР Әділет министрлігімен  
«Келісілді»  
(№9-3-22/10213-Д хат, 29.11.2019 ж.)**

**ҚР Ұлттық экономика министрлігімен  
«Келісілді»  
(№27-1/28752 хат, 06.01.2020 ж.)**



**Палатаға міндетті мүшелікке негізделген  
өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі  
ҚАҒИДАЛАР**

## **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Палатаға міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі осы қағидалар (*бұдан әрі Қағидалар*) Палатаның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және заң консультанттарының заң көмегін көрсету бойынша қызметін реттеу және Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылау мақсатында «Өзін-өзі реттеу туралы», «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде, сондай-ақ Палатаның Жарғысына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.
2. Осы Қағидалар Палатаға мүше етіп қабылдау шарттарын, Палатаға мүшелікті тоқтатудың, одан шығарудың тәртібі мен негіздерін, мүшелік жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін, сондай-ақ Палата мүшелерінің жауапкершілігін айқындайды.
3. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Палатаның Жарғысы мен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін, осы Қағидаларда және Палатаның басқа да ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен аттестатталған және Палатаға мүше болып қабылданған шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ тұлғалар Палатаға мүше бола алады. Палатаға мүше болып қабылданғаннан кейін мұндай тұлға туралы мәліметтер Палатаның тізіліміне заң консультанты ретінде енгізіледі және бұл тұлға Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасында көзделген барлық тиісті құқықтарға, міндеттер мен өкілеттіктерге ие болады. Заң консультанты көмек сұраған тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Палатаның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тәртіппен және шарттармен оған қажет кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы. Заң консультанты заң көмегін жеке кәсіпкерлік түрінде немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз жеке тәжірибемен айналысып өз бетінше, сондай-ақ заңды тұлғамен жасалған еңбек шартының негізінде көрсете алады, ол үшін өзіне жүгінген тұлғамен заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты өзінің атынан жасасады, ал заң көмегін заңды тұлғамен арадағы еңбек шартының негізінде әрекет ететін заң консультанты көрсететін жағдайда, клиентке заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарты осы заңды тұлғамен жасалады.
4. Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға заң консультанты бола алмайды.
5. Палатаға мүшелік атаулы болып табылады және оны үшінші тұлғаларға табыстауға болмайды.
6. Палатаның барлық мүшелері кез келген негіз немесе белгі бойынша қандай да бір кемсітусіз Қазақстан Республикасының заңнамасында, Палатаның Жарғысында және Палатаның ішкі нормативтік ережелерінде көзделген тең құқықтарға ие және бірдей міндеттерді көтереді.

## **ПАЛАТАҒА МҮШЕЛІК ШАРТТАРЫ**

7. Палатаға кіру үшін қажетті шарттар: - жоғары заң білімінің болуы; - соттылығының болмауы; - заң мамандығы бойынша кем дегенде екі жыл жұмыс өтілінің болуы; - үміткерді аттестаттау туралы Палатаның Аттестаттау комиссиясының шешімін алуы.

## ПАЛАТАҒА МҮШЕ ЕТІП ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

8. Палатаға мүше болып кіруден үміткер тұлға Палатаның Төрағасына Палатаға мүшелік шарттарының сақталуын растайтын мынадай құжаттар пакетін ұсынады: - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; - жоғары заң білімі туралы дипломының көшірмесін; - құжаттар пакеті тапсырылатын күнге дейін 10 (он) күннен ерте емес кезде берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтама; - заңгер мамандығы бойынша кемінде 2 (екі) жыл жұмыс өтілін растайтын құжатының (құжаттарының) көшірмесі; - үміткердің электронды пішімдегі 3/4 өлшемді фотосуреті бар сауалнамасы.
9. Палатаға мүше болып кіруге үміткерлерге ыңғайлы болу үшін қоса тіркелетін құжаттар пакеті Палатаға шабарманмен жіберілетін қағаз тасығыштардан басқа, Палатаның электрондық мекенжайына электронды түрде (сканер көшірмесі пішімінде) ұсынылуы мүмкін, бұл ретте ұсынудың екі тәсілі де маңызы бірдей деп танылады.
10. Ұсынылған құжаттар пакетін Палатаның Төрағасы барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. Құжаттар пакетін қарау кезінде Палата Төрағасының ұсынылған құжаттардың және оларда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын барлық заңды, қолжетімді тәсілдермен тексеруге құқығы бар. Мұндай тексеру жүргізілген кезде құжаттар пакетін қарау мерзімі осындай тексеру аяқталған кезден бастап есептеледі. Жалған мәліметтер және/немесе құжаттар анықталған жағдайда құжаттар пакетін қарауға ұсынған тұлға жалған мәліметтерді және/немесе құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік көтереді, бұл жағдайда оны аттестаттауға жіберуден бас тартылуы мүмкін.
11. Ұсынылған құжаттар пакетін қарау нәтижесі бойынша Палатаның Төрағасы үміткерді аттестаттауға жіберу туралы немесе үміткерді аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдап, мұндай бас тартудың себептерін көрсетеді. Төраға қабылданған шешім туралы Палатаның Аттестаттау комиссиясын ішкі электрондық хат жазысу арқылы хабардар етеді, ол үміткерді аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылданған жағдайда оны өткізудің уақыты мен орнын дереу белгілейді және ол туралы Палатаның Төрағасына дәл сондай жолмен хабарлайды. Одан кейін үміткерді аттестаттауға жіберу туралы шешім осындай аттестаттау өткізудің орны мен уақыты көрсетіле отырып, немесе үміткерді аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешім мұндай бас тартудың себептері көрсетіле отырып, үміткер Үміткердің сауалнамасында көрсеткен үміткердің электрондық мекенжайына немесе мәтіндік хабарлама түрінде телефон нөміріне жіберіледі.
12. Үміткерлерді аттестаттау Палатаға мүше болып кіруге үміткер тұлғаларды аттестаттау тәртібі туралы және Палатаның Аттестаттау комиссиясы туралы қағидаларда көзделген тәртіппен Палатаның Аттестаттау комиссиясы белгілеген жерде және уақытта жүргізіледі.
13. Палатаның Аттестаттау комиссиясы белгіленген аттестаттау рәсімін жүргізгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде аттестаттау туралы қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерді аттестаттау туралы немесе аттестаттаудан бас тарту туралы дәлелді шешім қабылдайды. Палатаның Аттестаттау комиссиясы қабылданған шешім туралы Палатаның Төрағасын ішкі электрондық хат жазысу арқылы хабардар етеді және шешімді үміткерге электрондық пошта мекенжайына немесе Үміткердің сауалнамасында көрсетілген телефон нөміріне мәтіндік хабарламамен жібереді. Палатаға қабылдау туралы түпкілікті шешімді Палатаның Басқармасы қабылдайды. Үміткердің Палатаның Аттестаттау комиссиясының үміткерді аттестаттау туралы шешімін және Басқарманың шешімін алуы үміткердің Палатаға қабылдау туралы өтініш беруіне және жыл

сайынғы мүшелік жарнаны төлеуіне негіз болып табылады. Палатаның Аттестаттау комиссиясының аттестаттаудан бас тарту туралы шешімін алған үміткер Палатаға мүше болып қабылданбайды.

14. Мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылған Палатаға мүше етіп қабылдау туралы өтінішті (бұдан әрі – «Өтініш») Палатаға шабарманмен тапсырылатын қағаздағы нұсқадан басқа, электронды түрде (сканер көшірмесі пішімінде) Палатаның электрондық мекенжайына беруге болады, бұл ретте екі тәсілдің де маңызы бірдей деп танылады. Өтінішке жыл сайынғы мүшелік жарнаның төленгенін растайтын төлем құжаты қоса тіркеледі.
15. Өтініш Палата Төрағасының атына жіберіледі және мына мәліметтерді қамтиды: азаматтың аты-жөні, ЖСН, жеке басын куәландыратын/растайтын құжаттарының деректері, білімі, екі жылдан кем емес кәсіптік жұмыс өтілі, тұрғылықты жері, мобильді телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, Палатаның Жарғысы мен Палатаның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарымен танысу фактісі және сақтау міндеттемесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және көлемде өзінің дербес деректерін, соның ішінде Палатаның интернет-ресурсында жинауға, сақтауға, өңдеуге және ашуға келісімі.
16. Үміткердің басқа заң консультанттары палатасына мүше екені туралы мәліметтердің немесе Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, Заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын, Кәсіби әдеп кодексін бұзғаны үшін бұл тұлғаның заң консультанттары палатасының мүшелері тізілімінен шығарылғаны туралы мәліметтердің болуы, егер ол шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, оны Палатаға мүше етіп қабылдаудан бас тартуға өкеп соғады.
17. Палатаның Алқалы органы үміткерді Палатаға мүше етіп қабылдау туралы шешім шығарғаннан кейін оның дербес деректері Палатаның тізіліміне заң консультанты ретінде енгізіледі, ол туралы оған үш жұмыс күнінің ішінде Палатаның тізілімнен тиісті Үзінді көшірме беріледі. Палатаның мүшесі қалаған жағдайда және ақылы негізде Заң консультантының куәлігін алуға құқылы. Палатаның тізілімінен Үзінді көшірменің және Заң консультанты куәлігінің нысандарын Палатаның Алқалы органы бекітеді.
18. Палатаның Алқалы органы үміткердің Палата белгілеген талаптарға сәйкес келмейтіні және оны Палатаға мүше етіп қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда үміткерге мұндай бас тартудың себептері көрсетілген жазбаша жауап беріледі, осы орайда үміткер алынған бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.
19. Ұсынылған мәліметтер өзгерген жағдайда, Палатаның мүшесі мұндай өзгерістер туралы Палатаны дереу хабардар етуге міндеттенеді.
20. Заң консультанты 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жауапкершілігін қамтамасыз ету мақсатында шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға зиян келудің салдарында туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартын жасауға міндетті.

## **МҮШЕЛІК ЖАРНАНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

21. Мүшелік жарна ағымдағы жылдың 20 ақпанына дейін жыл сайынғы негізде біржолғы төлем түрінде төленеді. Егер тұлға Палатаға жыл ішінде мүше болып кірсе, онда Палатаның мүшесі мүшелік жарнаны мүше болып кірген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде төлейді және оның мөлшері ағымдағы күнтізбелік жылдың аяғына дейін қалған толық айлардың санына негізделіп есептеледі.

22. Палата мүшесінің дәлелді өтініші бойынша және Палата Төрағасының шешіміне сәйкес тиісті жылдың мүшелік жарнасы төлем жасалатын тиісті тоқсанның екінші айының 5-ші күнінен кешіктірілмей тоқсан сайынғы төлемдермен енгізілуі мүмкін. Палатаның мүшесі мүшелік жарналарды бөліп төлеуге өтініш берген кезде өтінішке мүшелік жарналарды бөліп төлеуге мүмкіндік беру қажеттілігін растайтын құжаттарды қоса тіркеуге тиіс.

#### **ПАЛАТАҒА МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

23. Палатадан шығу Палата мүшесінің жазбаша өтінішінің негізінде, сондай-ақ Палатаның Жарғысында көзделген өзге де негіздер бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.
24. Палатаға оның мүшесінің үстінен шағым түскен жағдайда, егер Палатаның мүшесіне қатысты тексеру жүргізіліп жатса немесе тәртіптік жаза қолдану туралы іс қаралып жатса, онда тексеру аяқталғанға дейін, ал бұзушылық анықталған жағдайда – тәртіптік комиссия бұзушылық және тәртіптік жаза қолдану туралы істі қарауды аяқтағанға дейін оның Палатадағы мүшелігін тоқтатуға болмайды.
25. Палатаның мүшелері қатарынан шығару қолданыстағы заңнаманың және Палата Жарғысының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
26. Палатаға мүшелік Палатаның Алқалы органының шешімінің негізінде тоқтатылады және Палата мүшелерінің тізіліміне бұл туралы жазба енгізіледі.
27. Өзіне қатысты Палатаға мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған тұлға 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде өз клиенттеріне Палата мүшелігінің тоқтатылу фактісі туралы хабарлауға міндетті.
28. Палата Палатаның Алқалы органы заң консультантының Палатаға мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей мұндай шешімді Палатаның Интернет-ресурсында орналастыруға, сондай-ақ осындай шешімнің көшірмелерін: - өзіне қатысты заң консультанттары палатасына мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған тұлғаға; - егер тұлғаның Палата мүшеліктен шығарылуы оның Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, Палатаның Жарғысын, ішкі нормативтік ережелерін, Заң көмегін көрсету стандартын, Палата мүшесінің Кәсіби әдеп кодексін бұзуына байланысты болса – заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген барлық өзін-өзі реттейтін ұйымдарға; - уәкілетті мемлекеттік органға жіберуге міндетті.
29. Қажет болған жағдайда Палата мүшесінің Палатаға жазбаша өтініш жіберу жолымен Палатаға мүшелігін белгісіз мерзімге тоқтата тұруға құқығы бар.

#### **ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

30. Палатаның мүшелері Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы, Өзін-өзі реттеу туралы заңнамасының, Палатаның Жарғысының, ішкі нормативтік құжаттарының, Заң көмегін көрсету стандартының, Палата мүшесінің Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Палатаның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапкершілік көтереді.
31. Палатаның мүшесіне заң көмегін тиісінше көрсетпеу фактісі бойынша заңды немесе жеке тұлғадан шағым түскен және тексеру нәтижесінде оның негізділігі расталған жағдайда Палатаның мүшесі Палатаның құрамынан шығарылуы мүмкін. Егер тексеру нәтижесі бойынша басқа ықпал ету шараларымен шектелу туралы шешім қабылданса, Басқарма Палатаның Тәртіптік комиссиясының тиісті

ұсынысының негізінде заң көмегін дұрыс көрсетпеген Палатаның мүшесін қайта аттестаттауға жіберуі мүмкін.

32. Заң консультанттары палатасының мүшелеріне жаза қолдану, оны алу және шағымдану тәртібі «Өзін-өзі реттеу туралы» ҚР Заңында айқындалады.
33. Палата мүшесінің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мынадай тәртіптік жаза түрлері көзделген:
  - 1) ескерту;
  - 2) сөгіс;
  - 3) қатаң сөгіс;
  - 4) Палатаға мүшеліктен шығару.
34. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше белгіленбесе, өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне жаза қолдану, оны алып тастау және шағымдану тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысы мен ережелерінде айқындалады.
35. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің теріс қылық жасағаны үшін бір ғана жаза қолданылуы мүмкін.
36. Өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы органының жаза қолдану туралы шешіміне өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.
37. Егер жаза қолданылған күннен бастап алты айдың ішінде бұл мүше жаңа жазаға тартылмаса, онда ол жазаға тартылмаған болып есептеледі.